SAMRUK-KAZYNA
CONSTRUCTION

Дайджест

НАУРЫЗ 2023

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру мәселелері бойынша жұмыс кеңесі өтті

1.03.2023



2023 жылғы 1 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасы Маулен Айманбетов Ақтөбе қаласында сағат 12:00-де Бейнеконференцбайланыс форматында жұмыс кеңесін өткізіп, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру бойынша қысқа мерзімге арналған шұғыл міндеттерді белгіледі.

Жер телімдерін құрлыс кезеңінде ресімдеуге қатысты бірқатар тапсырмалардың орындалуын, тиісті шарттарға қол қою нәтижелерін, жобалау және құрылыс бойынша «дайын күйінде тапсыру» кешенді жұмыстарға сатып алу конкурсын жариялау шеңберінде ұйымдастыру жұмыстары бойынша тапсырмалардың орындалуын тексерді.

Кеңесте «Жайлы мектеп» жобасын имидждік сүйемелдеу бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелерімен егжей-тегжейлі танысты. Осылайша, өзінің ескертулерін айтып, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының брендін тану мақсатында жұмысты орындаудың жаңа бағыттарын атап өтті.

Ақтөбе облысының әкімдігінде «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру мәселелері бойынша кездесу өтті

1.03.2023

2023 жылғы 1 наурызында сағат 14:00-де Ақтөбе қаласында жұмыс сапары барысында «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Маулен Айманбетов Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановпен кездесті.

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен кеңейтілген форматтағы кеңесте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, кеңеске қала әкімінің орынбасары, білім, құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қаржы, сәулет және қала құрылысы басқармаларының басшылары, жергілікті құрылыс және жобалау компанияларының өкілдері, Ақтөбе облысының жобалау кеңсесі қатысты.

Маулен Айманбетов өз баяндамасында жер телімдерін ресімдеу, инженерлік коммуникацияларды жүргізу мәселелерін қозғап, әлеуетті мердігерлерге «дайын күйінде тапсыру» құрылыс пен жобалауға арналған кешенді жұмыстардың шарттары мен талаптары бойынша түсініктеме берді. Бизнес-қоғамдастық өкілдері «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыруға қатысу мақсатында қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Өз кезегінде Ералы Тоғжанов «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыруға қолдау білдіріп, бұл ұлттық жоба Ақтөбе облысындағы апатты және үш ауысымды мектептер проблемасын толығымен болдырмауға мүмкіндік беретінін мәлімдеді.

Анықтама: Ақтөбе облысында «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы аясында 20 мектеп салу жоспарлануда, оның 4-і облыс аудандарында. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ ұлттық жобаның нысаналы құрылысы жөніндегі Дирекция бола отырып, 2023 жылы – 14 мектеп, ал 2024 жылы 6 мектеп құрлысына кіріседі.

Жетісу облысы әкімдігінде «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру мәселелері бойынша кеңес өтті

6.03.2023

2023 жылғы 6 наурызда сағат 11.00-де «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Маулен Айманбетов өңірлерге жұмыс сапарларын жалғастырып, Талдықорған қаласында облыс әкімі Бейбіт Исабаевпен кездесті.

Кездесу барысында «Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобасының негізгі бағыттары талқыланып, Мемлекет Басшысының тапсырмасын сапалы және белгіленген мерзімде іске асыру мәселелері қаралды.

Бұдан әрі облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жаханбавтың төрағалығымен кеңейтілген кеңес өтті, оның жұмысына құрылыс, білім беру, экология, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет және қала құрылысы басқармаларының басшылары қатысты.



Басқосуда жер телімдерін ресімдеу, инженерлік коммуникацияларды жүргізу мәселелері егжей-тегжейлі қаралды, сондай-ақ құрылыс пен «дайын күйінде тапсыру» жобалау мен құрлысқа арналған кешенді жұмыстардың әлеуетті мердігерлеріне қойылатын жаңа шарттар мен талаптар бойынша түсініктеме берілді.

Анықтама: 2025 жылға қарай Жетісу өңірінде «Жайлы мектеп» пилоттық Ұлттық жобасы аясында 10 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда, оның 7-уі қалада, 3-уі облыста орналасады.

«Жайлы мектеп» Ұлттық пилоттық жобасын іске асыру бойынша бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимыл туралы

7.03.2023

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашылық еткен «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде, сондай-ақ отандық бизнеспен диалогты тереңдету, сатып алу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асырудағы отандық бизнес қатысушылары үшін кедергілерді болдырмау мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

Samruk-Kazyna Construction онлайн сатып алу платформасы құрды және пайдалануға енгізілді (https://skcn.qaz.network/). SK Construction веб-порталды пайдалана отырып, ерекше тәртіпті сатып алулар жүргізуде. Басқа тапсырыс берушілер аталмыш сатып алудың ерекше тәртібін қолданатын сатып алу рәсімдерін тек қағаз форматта жүзеге асырады.

2023 жылғы 10 ақпанда Болат Жәмішевтің төрағалығымен «Самұрық-Қазына» қоғамдық кеңесінің отырысы өтті. Кеңес мүшелері, мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰКП және қауымдастықтардың өкілдері, сондай-ақ сыртқы сарапшылар мен қоғам белсенділері «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын талқылады.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде жобалауға және құрылысқа арналған «дайын күйінде тапсыру» кешенді жұмыстарды сатып алу бойынша конкурстық құжаттаманы ашық алдын ала талқылау өтті. Бизнес-қоғамдастықтан түскен 227 өтініш өңделді.

Ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап SK Construction Басқарма Төрағасы Маулен Айманбетов «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқа төрағасы Райымбек Баталовпен, «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Тимур Жаркеновпен «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру мәселелері бойынша кездесулер өткізді. Сондай-ақ, тұрақты негізде SK Construction қызметкерлері «Атамекен» ҰКП өкілдерімен кеңестер өткізді.

2023 жылдың 15 ақпанынан бастап Маулен Айманбетов Қазақстанның барлық өңірлеріне жұмыс сапарымен қысқа мерзімде барды. Облыс және қала Әкімдерімен, жауапты басқармалардың басшыларымен және мердігер ұйымдардың өкілдерімен кездесті. Кеңестерде мердігерлерге қойылатын біліктілік талаптары және жергілікті құрылыс материалдарын өндірушілердің «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыруға қатысу шарттары бойынша түсініктеме берді. Кездесулер барысында бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстары қаралды.

Онлайн (ВКС) консультациялар, E-otinish және Басқарма Төрағасының блогына өтініштерді өңдеу арқылы бизнес-қоғамдастықпен кері байланыс қамтамасыз етілді.

«Атамекен» ҰКП-ның екі өкілі ерекше тәртіпті пайдалана отырып, конкурс тәсілімен «дайын күйінде тапсыру» құрылыс және жобалау бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу конкурстық комиссиясының мүшелері болды.

«Атамекен» ҰКП «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру үшін отандық өндірушілердің тізілімі құрылады. Сонымен қатар, SK Construction осы кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын талдауды сұрастырды.

Бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимыл бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша бизнес-қоғамдастық айтқан ескертулер мен ұсыныстар ескерілді. Атап айтқанда, тәжірибені растау кезінде құрылыс саласы кеңейтілді, жасалған шарттар бойынша сот талқылауының болмауы туралы талаптар алынып тасталды, әлеуетті өнім берушіні оңалту рәсімдері банктік кепілдік беру мерзімдері және басқа да маңызды ұсыныстар қайта қаралды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде «дайын күйінде тапсыру» жобалауға және құрылысқа кешенді жұмыстарды сатып алу бойынша конкурс жарияланды

7.03.2023

2023 жылғы 7 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Samruk-Kazyna Construction онлайн сатып алу платформасына «дайын күйінде тапсыру» құрылысқа және жобалауға кешенді жұмыстарды сатып алуды өткізу туралы конкурс жариялайды (https://skcn.qaz.network/).

Айқындық пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында SK Construction веб-порталды пайдалана отырып, ерекше тәртіпті сатып алулар жүргізеде. Айта кету қажет, осындай ұқсас ерекше тәртіппен сатып алу рәсімдері тек қағаз форматында жүзеге асырылады.

Байқау комиссиясына тек SK Construction өкілдері ғана емес, сонымен қатар байқаушылар ретінде «Атамекен» ҰКП, әкімдіктер, «Самұрық-Қазына» мен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Қоғамдық Кеңестерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылары да кірді.

Сатып алуға қатысуға өтінімдерді қабылдау 2023 жылғы 17 наурыз сағат 18:00-ге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

Samruk-Kazyna Construction нысаналы құрылыс жөніндегі дирекция бола отырып, EPC шартын жасасу құралы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыратын болады. Бұл аббревиатура Engineering, Procurement, Construction сөздерімен жасалған, SK Construction (тапсырыс беруші) мен консорциум жетекшісі (мердігер) арасында жасалған келісім-шарт. Осы келісімшартқа сәйкес мердігер жұмыстың толық циклін орындайды. Сонымен, консорциум құрамына жобалау және құрылыс компаниялары кіреді. Бұл келісімшарт құрылыс, жобалау, технологиялық жабдықты сатып алу сияқты барлық процестерді бір уақытта іске қосуға мүмкіндік береді.

«Samruk Kazyna Construction» АҚ-да Беларусь Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісімен кездесу өтті

9.03.2023

2023 жылғы 9 наурыз күні сағат 15.00-де «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Маулен Айманбетов Беларусь Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Павел Утюпиннің өтініші бойынша болған кездесу өткізді. Сондай-ақ, іс-шараға Елшінің кеңесшісі Леонид Рыжковский, баға және сатып алу маркетингі департаментінің директоры Арман Сапекенов және Samruk-Kazyna Construction жобалау және құрылыс басқармасының бастығы Берік Қасенов қатысты.

Кездесуге қатысушылар Беларусь және Қазақстан Республикалары арасындағы құрылыс саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады. Басқосу өте ерекше өтті, Павел Утюпин Беларусь құрылыс компанияларының SK Construction инвестициялық жобаларына әлеуетті қатысуы туралы бастамалармен келді.

Маулен Айманбетов Беларусь тарапынан қазақстандық нарыққа деген қызығушылыққа ризашылығын таңытып, SK Construction қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндады. Импортты алмастыру саясаты шеңберінде құрылыс материалдарын өндіретін зауыттарды іске қосу бойынша инвестициялық бағытына егжей-тегжей тоқтады.

Өз кезегінде, Беларусь тарапы осы бағыттағы ынтымақтастық туралы ниетін білдіре отырып, керамикалық плитаның белсенді дамып келе жатқан өндірісімен таныстырды. Кеңес барысында «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы мен «Белстройцентр-Холдинг» республикалық унитарлық кәсіпорны арасында меморандумға қол қою туралы шешім қабылданды.

Бұдан әрі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы туралы сөз қозғалды, оның мақсаты мектептердің үш ауысымдылығын, апаттылығын болдырмау және оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. SK Construction алдында ауылда және қалада техникамен және пәндік кабинеттермен бірыңғай жарақтандыру жолымен бір үлгідегі мектептерді пайдалануға беру міндеті тұр.

Елші Беларуссияда «Ауылды жаңғырту» деп аталатын осындай ұқсас жоба болғаны туралы атап өтті, сондай-ақ Беларусь бизнес-қоғамдастығының «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына қатысуына қызығушылық білдірді.

Басқарма Төрағасы шетелдік компаниялардың қатысуына біліктілік және жобалау талаптарына сәйкес жергілікті компаниялармен консорциум құру арқылы ғана мүмкіндігі бар туралы түсіндірді.

Жоғарыда аталған бағыттарымен қатар, кешенді құрылыс салудағы өзара іс-қимыл талдыланды.

Өз кезегінде Беларусь Республикасының Елшісі кездесу үшін алғыс айтып, одан әрі ынтымақтастыққа үміт білдірді.

Анықтама: «Белстройцентр-Холдинг» салалық құрылыс холдингі 2016 жылы құрылған (Беларусь Республикасы Министрлер Кеңесінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 50 қаулысы) және бастапқыда құрылыстың барлық кезеңінде құрылыс-монтаждау және мамандандырылған жұмыстардың барлық түрлерін орындайтын Беларусь Республикасы сәулет және құрылыс Министрлігінің 19 кәсіпорнын біріктірді, бұл ірі құрылыс кез келген күрделі объектілерді кілтке тұрғызуға арналған келісімшарттар.

Қазіргі уақытта холдингтің құрамына 21 кәсіпорын кіреді.

Беларусь Республикасындағы инжиниринг тік қызметтің танылған көшбасшысы – «Белстройцентр» республикалық унитарлық кәсіпорны холдингінің Басқарушы компаниясы жобаларды басқаруды және құрылыста инженерлік қызметтерді кешенді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Холдингте құрылыс қызметтерінің толық спектрін қамтамасыз ету үшін барлық ресурстар бар:

•Құрылыстың кез келген кезеңінде қызметтердің барлық түрлерін ұсынатын 18 кәсіпорын;
•16 000-нан астам білікті мамандар;
•5 000 бірліктен астам құрылыс және жүк көтергіш техника, оның ішінде бірегей;
•Әлемнің 25-тен астам еліндегі жобалар.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Алматыға жұмыс сапары аясында Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығы құрылысының барысымен танысты

10.03.2023

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Алматыға жұмыс сапары аясында Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығы құрылысының барысымен танысты.

350 төсек-орынға арналған Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығының құрылысын 2023 жылдың соңында аяқтау жоспарланып отыр. Стационардан басқа, онда ғылыми-зерттеу және оқу орталықтары, зертханалар, медициналық университеттердің кафедралары және т. б. орналасатын болады.

Жаңа орталықта жұқпалы аурулар, пульмонология және фтизиатрия саласында сапалы медициналық көмек көрсетіледі, зерттеулер жүргізіліп, мамандар оқытылады, озық медициналық технологиялар пайдаланылып, дәрілік препараттар сыналады. Бұдан басқа жаңа нысан базасында республикадағы эпидемиологиялық ахуалды бақылау үшін ахуалдық орталық ашу жоспарлануда.

Премьер-Министр ДДҰ мәліметтері бойынша жыл сайын 2 млрд адам жұқпалы аурулармен ауырып, 50 млн-нан астам адам қайтыс болатынын айтты.

«Орталықтың ашылуы туберкулезден ғана емес, жалпы басқа да жұқпалы аурулардан, оның ішінде аса қауіпті аурулардан болатын сырқаттанушылық пен өлім-жітімді азайтуға мүмкіндік береді. Алматы әкімдігі орталықты ашу мәселесін ерекше бақылауда ұстауы қажет», — деді Әлихан Смайылов.

Алматы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова денсаулық сақтау саласын дамыту аясында 2025 жылға дейін полиорталықты қағидаты бойынша 16 емхана салу жоспарланып отырғанын, онда республикада алғаш рет МСАК бірыңғай стандарты енгізілетінін баяндады. Бұл 300 мыңнан астам адам үшін алғашқы медициналық қызметтерді қолжетімді етеді.

Бұдан басқа, 2030 жылға дейін қолданыстағы 25 көп салалы және мамандандырылған стационардың инфрақұрылымы кезең-кезеңмен жаңғыртылатын болады. Сондай-ақ 5 көп салалы стационар (нейрохирургия, инсульт орталығы, эндопротездеу, травматология және ортопедия) базасында арнайы орталықтар құру және басқа да бірқатар қадамды іске асыру жоспарлануда.

Дереккөз:https://primeminister.kz/kz/news/zhaa-sport-keshenderinde-erekshe-azhettilikteri-bar-adamdar-shin-barly-zhaday-kzdeluge-tiis-likhan-smayylov-23369

Анықтама: Алматы қаласындағы 350 төсек-орынға арналған Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығының тапсырыс берушусі - «Объектілерді салу жөніндегі компания» Корпоративтік Қоры. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов «Объектілерді салу жөніндегі компания» Корпоративтік Қорының Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Samruk-Kazyna Construction Алматы қаласындағы ескі тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасына қатысуда

11.03.2023

Ағымдағы жылдың 11 наурызында «Samruk Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Маулен Айманбетов Алматы қаласында іссапары аясында Жетісу ауданы, Райымбек даңғылының солтүстігінде, Крылов көшесінің шығысында орналасқан «Gul-Ana» тұрғын үй кешенінің құрылыс алаңына барды.

Бұл жобаның құрылысы Samruk-Kazyna Construction үшін үлкен символдық мәні бар. «Gul-Ana» тұрғын үй кешені - бұл ескі тұрғын үйді жаңарту бағдарламасы бойынша SK Construction компаниясының алғашқы жобасы. Осылайша, SK Construction «KIK-Qurylys» ЖШС және «Gul-Ana» ЖШС атынан консорциуммен құрылысқа инвестиция салу туралы шарт жасасты.

Тұрғын үй кешені 4 кезектен тұрады. Қазіргі уақытта 1-2 кезектегі алты үйді бұзу жұмыстары орындалды, бұл Райымбек даңғылы №259, 261, 263, Скрябин көшесі №24, 26, 28 мекенжайында орналасқан Жетісу ауданындағы 52 пәтер. Жетісу ауданында 3 және 4 кезектен 8 үй (60 пәтер) бұзылып, үйлердің тұрғындары жаңадан салынған үйлерге көшірілді.

112 отбасы қоныс аударды, ескі үйлердің кейбір иелері «Алматы «ӘКК» АҚ-дан уақытша пайдалануға тұрғын үй алды. Қазіргі уақытта 3-ші (1,2 дақ) және 4-ші (9,10 және 11 дақ) кезектердің құрылысы жүргізілуде.

Алғашқы «хрущевтердің» құрлысына 50 жылдан астам уақыт өтті және көптеген үйлер нашар жағдайда. Алматыда ескірген тұрғын үйді қайта жаңартудың бес жылдық бағдарламасы қабылданды, 2025 жылға дейін 1477 екі қабатты үйді бұзу жоспарлануда. Мұндай үйлердің тұрғындары жаңа үйлерге көшуді асыға күтеді.

SK Construction Қазақстан өңірлерінде ескі тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасы бойынша жаңа құрылыстарды жобалау және салу үшін аумақтарды іріктеу бойынша жұмысты жалғастыруда.

Басқарма Төрағасы Алматы қаласында салынып жатқан «Аққент» тұрғын үй кешеніне барды

11.03.2023

2023 жылғы 11 наурызда «Samruk-Kazyna Constrution» АҚ Басқарма Төрағасы Маулен Айманбетовке SK Construction инвестициялық қызметі шеңберінде іске асырылып жатқан «Аққент» тұрғын үй кешенің құрлыс сапасын қадағалау мақсатында барды.

Жобаның бастамашысы «Ayt Housing Construction» ЖШС болып табылады. Бұл тұрғын үй кешенінде кезең-кезеңімен пайдалануға берілетін 4100-ден астам пәтер қарастырылған. Өткен жылы 495 отбасы пәтерлерінің кілтін алды. Ағымдағы жылы ауданы 27 072 шаршы метрді құрайтың қалған 6 үйді енгізу жоспарлануда, 594 отбасы қоныс тойын атап өтеді. Бұл құрылыс Қазақстандық тұрғын үй компаниясының алған кепілдігі негізінде үлескерлерді тарта отырып жүргізіледі.
Объектіні аралау қорытындысы бойынша Басқарма Төрағасы сапа мен бақылауды жақсарту, жұмыс өндіру технологиясын сақтау, сондай-ақ техникалық қадағалау жұмысын күшейту қажеттілігі үшін жұмыс өндіру кестесіне бірқатар өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдады.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі өте өткір, өйткені адамдардың негізгі қажеттіліктерінің арасында маңыздысы және өмір сүру сапасын сипаттайтын тұрғын үй болып табылады. Өз кезегінде SK Construction тұрғын үй кешендерінің құрылысын дамытуға және Қазақстан азаматтарына сапалы тұрғын үй беруге өз үлесін қосуға ұмтылады.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының үздік логотипіне ашық конкурс жариялайды

13.03.2023

2023 жылғы 13 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының үздік логотипіне ашық конкурс жариялайды.
Еліміздің әрбір тілек білдірген тұрғыны жаңа буын мектептерінің имиджіне үлес қосуға мүмкіндігі бар.

Конкурстың мақсаттары мен міндеттері:
Құрылыс саласында, ақпараттық-жарнамалық және өкілдік өнімдерде, салынған мектептердің кейінгі ағымдағы қызметінде қолданылатын заманауи, ерекше, оңай танылатын логотипті құру.
Тапсырмалар:
- заманауи үрдістерді, сондай-ақ ұлттық дәстүрлерді, тәжірибе мен ұрпақтар сабақтастығын үйлестіретін жайлы мектептің фирмалық стилін қалыптастыру;
- қазақстандықтар арасында көркемдік және шығармашылық таланттарды анықтау және ашу, оларды белсенді шығармашылық қызметке тарту.

Қатысу үшін электронды мекен-жайға онлайн-өтінім жіберу қажет info@fnsk.kz.
Байқау 2023 жылғы 13 наурыз бен 27 наурыз аралығында 2 кезеңде өткізіледі:
I кезең: 2023 жылғы 13 наурыздан 27 наурызға дейін – конкурстық жұмыстарды ұсыну.
II кезең: 2023 жылғы 28 наурыздан 31 наурызға дейін – конкурстық жұмыстарды бағалау.

2023 жылғы 27 наурыз сағат 00:00-ден кеш ұсынылған конкурстық жұмыстар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.
Конкурстың қорытындысын шығару: 2023 жылғы 1 сәуірге дейін, жеңімпаздарды хабарландыру және марапаттау – 2023 жылғы 3 сәуір.
Егер ұсынылған жұмыстардың ешқайсысы конкурстың талаптары мен өлшемшарттарын қанағаттандырмаса, комиссия конкурсты ұзарту туралы шешім шығаруға құқылы.

Жеңімпазды марапаттау
Конкурс нәтижелері бойынша марапаттау туралы шешім қабылданады:
1 орын - 700 000 теңге;
2 орын-200 000 теңге;
3 орын - 100 000 теңге.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ «дайын күйінде тапсыру» құрылыс және жобалау бойынша кешенді жұмыстарды сатып алуға конкурсқа өтінімдерді қабылдау мерзімін ұзартты

16.03.2023

2023 жылғы 7 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «дайын күйінде тапсыру» құрылыс және жобалау бойынша кешенді жұмыстарды сатып алуға конкурс жарияланады. Өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні 2023 жылғы 17 наурызда сағат 18-00-ге дейін болып белгіленген (Астана қ. уақыты бойынша).

Алматы қаласы әкімдігінің хатына сәйкес, Ұлттық жоба шеңберінде мектеп салуды жоспарланған Розыбакиев-Қожабеков көшесіндегі жер телімі мемлекеттік-жекешелік әріптестік (ГЧП) арқылы дайын объектіні сатып алу ретінде іске асыру механизміне көшті. Сонымен қатар, Шымкент қаласы әкімдігінінде келген хатқа сәйкес, Тельман шағын ауданындағы жер телімі басқа жер теліміне ауыстырылды.

Жоғарыда аталған өтініштер негізінде, 2023 жылғы 15 наурызда аталған қалалардағы конкурстар бойынша лоттар саны азайтылды.

Сондай-ақ, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ атына «Атамекен» ҰКП, құрылысшылар қауымдастықтары мен одақтарынан, жобалаушылар және әлеуетті жеткізушілерден конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде банктік кепілдіктерін шығару қысқа мерзімдерідің белгіленуі бойынша, жобалау компаниялары үшін арналған біліктілік талаптарын жеңілдетуді және жұмыс тәжірибесі ретінде «мектептерге қосымша құрылыстарды» қабылдау туралы бір қатар өтініштер келіп түсті.

Осы себептер негізінде, өтінімдерді қабылдау мерзімі 2023 жылғы 29 наурызға дейін ұзарта отырып, конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдады.

Әлеуетті жектізушілерге қойылатын келесі талаптар жеңілдетілді:

1) консорциум құрамында жұмыс тәжірибесін растау мүмкіндігі бірнеше жобалық компанияларға берілді.

2) Соңғы 10 жылдағы жалпы жобалау тәжірибесі **соңғы 15 жылға өзгертілді, оның ішінде**:

1 санат бойынша - 20 жоба **15** жобаға өзгертілді;

2 санат бойынша - 15 жоба **10** жобаға өзгертілді;

3 санат бойынша - 10 жоба **5** жобаға өзгертілді.

3) «мектептерге қосымша құрылыстарды» салу жұмыс тәжірибесі әлеуметтік объект ретінде қабылданатын болады.

Бүгінгі таңда 187 мектептерге жарияланған барлық 20 конкурс бойынша сатып алу веб-порталын кіріп-шығу статистикасына сәйкес, бизнес қоғамдастық өкілдерінің конкурстарға қатысуға қарқын белсенділік пен қызығушылық тенденциясы бар

- сатып алу веб-порталында **27 мыңнан** астам қаралымдар тіркелген;
- конкурстық құжаттамамен **4 мыңнан** астам компаниялар танысты;

Конкурстар жарияланған сәттен бастап әлеуетті жеткізушілерден конкурстық құжаттаманың талаптарын және сатып алу веб-порталының жұмысын түсіндіру бойынша **1040 телефон қоңырауы түсті.**

807 телефон қоңырауларына жауаптар берілді. Осыған байланысты, телефон желісіне үлкен жүктеме артылғасын кейбір компаниялардың қоңыраулары жеткен жоқ.

Сатып алу веб-порталының жұмысына және конкурстық өтінімдерді жүктеуге қатысты сұрақтар да болды.

Конкурстық өтінімді бір архивтелген файлмен немесе PDF форматында жүктеу керек, оның өлшемін көптеген бағдарламалық жасақтама мен интернет-ресурстардың көмегімен азайтуға болады. Сонымен бірге жүктелетін файлдың максималды көлемі 200 мегабайттан 2 гигабайтқа дейін ұлғайтылды.

Жалпы веб-портал штаттық режимде жұмыс жасап жатыр.

Көбінесе компаниялар конкурстық құжаттамамен мұқият таныспастан сұрақтар қояды, негізінде олардың жауаптары осы құжаттамада көрсетілген.

Мысалы:

- консорциум дегеніміз не?;
- веб-порталда қалай тіркелуге болады?;
- өтінімдер қағаз жеткізгіште беріле ме?;
- құжаттарды нотариалды куәландыру қажет пе?

Осыған байланысты, бизнес қоғамдастық өкілдеріне өтініш, конкурстық құжаттамамен мұқият танысыңыздар, себебі сіз берген конкурстық өтінімнің сапасы тығыс байланысты.

Конкурстық құжаттама бойынша жиі қойылатын сұрақтарды түсіндіру үшін мынаны атап өткен жөн:

1) Бір жобалық компания конкурсқа әр түрлі құрылыс компанияларымен әр түрлі консорциумдардың құрамында қатыса алады;

2) Өтінімде қамтылған құжаттар сатып алу веб-порталы арқылы (https://skcn.qaz.network/) электрондық құжат нысанында ұсынылуы тиіс, ал банктік кепілдік өтінім құрамында электрондық түрде беріліп, сонымен қатар, оның түпнұсқасы Тапсырыс берушінің атына уәкілетті тұлға арқылы (сенімхат бойынша) тапсыруға тиісті;

3) Сатып алу веб-порталдың банктік жүйелерімен интеграция болмауына байланысты электрондық банктік кепілдігі қабылданбайды;

4) Егер құжаттардың түпнұсқасы болса, консорциалдық келісімді қоспағанда, барлық құжаттарды нотариалды куәландырудың қажеті жоқ;

4) Жобалау компаниясына мектептердің сыйымдылығы әртүрлі конкурстарға (лоттарға) қатысуға жол берілмейді.

Яғни, жобалық компания мектеп сыйымдылығының бір желісін ғана таңдауға құқылы.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында мектептердің қасбет түсін айқындау мақсатында ашық конкурс жарияланды

17.03.2023

2023 жылғы 17 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында мектептердің қасбет түсін айқындау мақсатында ашық конкурс жариялайды. Еліміздің әрбір тұрғыны өз нұсқасын ұсыну мүмкіндігі бар.

Конкурстың мақсаты мен міндеттері:
Құрылыс саласында, ақпараттық-жарнамалық және өкілдік өнімдерде, ұлттық жоба мектептерінің кейінгі ағымдағы қызметінде пайдаланылатын заманауи, бірегей, оңай танылатын түс шешімін жасау.
Міндеттер:
– қазіргі заманғы тенденциялар (жаңандану, цифрландыру) мен ұлттық дәстүрлердің, тәжірибе мен ұрпақтар сабақтастығының үйлесіміне негізделген «Жайлы мектеп» фирмалық келбетін қалыптастыру;
– «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына жұртшылықтың, түрлі ұрпақ өкілдерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аудару.
Қатысу үшін info@fnsk.kz электронды поштаға онлайн-өтінімді (№1 қосымша сәйкес) жіберу қажет.
Өтінімдер 2023 жылғы 30 наурыз сағат 00.00-ге дейін қабылданады. Нәтижелерді жариялау және жеңімпаздарды марапаттау 2023 жылдың 3 сәуіріне жоспарланған.

Байқау 2023 жылғы 17 наурыз бен 5 сәуір аралығында 2 кезеңде өткізіледі:
I кезең: 2023 жылғы 17 наурыздан 30 наурызға дейін – конкурстық жұмыстарды ұсыну.
II кезең: 2023 жылғы 31 наурыздан 3 сәуірге дейін – конкурстық жұмыстарды бағалау.

2023 жылғы 30 наурыз сағат 00:00-ден кеш ұсынылған конкурстық жұмыстар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.
Конкурстың қорытындысын шығару: 2023 жылғы 3 сәуірге дейін, жеңімпаздарды хабарландыру және марапаттау – 2023 жылғы 5 сәуір.
Егер ұсынылған жұмыстардың ешқайсысы конкурстың талаптары мен өлшемшарттарын қанағаттандырмаса, комиссия конкурсты ұзарту туралы шешім шығаруға құқылы.

Жеңімпазды марапаттау

Конкурс нәтижелері бойынша марапаттау туралы шешім қабылданады:

1 орын - 700 000 теңге;
2 орын-200 000 теңге;
3 орын - 100 000 теңге.

Қостанай облысының әкімдігінде «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру мәселелері бойынша кездесу өтті

17.03.2023

2023 жылғы 17 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Мәулен Айманбетов Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловпен кездесуді өткізіп, «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру мәселелері бойынша 17 өңірлерге және 3 мегаполиске жұмыс сапарларын аяқтады.

Кеңес жұмысына облыс әкімінің орынбасарлары, құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы, жергілікті құрылыс және жобалау компанияларының өкілдері қатысты.

Басқосуда жер телімдерін бөлу, инженерлік желілерді жобалау және салу, құрылыс компанияларына қойылатын талаптар, ұлттық жобаны іске асыруға отандық материалдар мен жабдықтар өндірушілердің қатысуы мәселелері талқыланды.

Өз кезегінде, Мәулен Айманбетов бизнес-қоғамдастықтың құрылыс компанияларына қойылатын талаптар, Ұлттық жобаны іске асыруға отандық жергілікті құрылыс материалдары мен жабдықтарын өндірушілердің қатысуы жөніндегі сұрақтарына толық жауап беріп, «дайын күйінде тапсыру» құрылыс және жобалау кешенді жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықтың мазмұны бойынша түсініктемелерді берді.

«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы аясында Қостанай облысында 9 мектеп салу жоспарлануда, оның 3-і ауылдық жерлерде. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ ұлттық жобаның мақсатты құрылыс дирекциясы бола отырып, 2023 жылы 6 мектеп салуға кіріседі, ал 2024 жылы тағы 3 мектеп құрылысын бастайды.

Түркістан облысында қуаты 1000 МВт бу-газ қондырғысы базасында электр станциясы негізгі алаңын салу жобасы бойынша «дайын күйінде тапсыру» кешенді жұмыстардың мердігері анықталды

20.03.2023

Ағымдағы жылдың наурыз айында «Түркістан облысында қуаты 1000 МВт бу-газ қондырғысы базасында электр станциясы негізгі алаңын салу жобасы бойынша «дайын күйінде тапсыру» кешенді жұмыстарды сатып алуға ашық тендер өткізу қорытындысы бойынша Doosan ENTERBILITY CO. LTD LTD және «Bazis Construction» ЖШС консорциумы жеңімпаз деп танылды.

Бүгін, 2023 жылғы 20 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Мәулен Айманбетов Doosan Heavy Construction қызметі бойынша бас офицері Юнин Джунмен кездесті. Тараптар Түркістан облысында қуаты 1000 МВт бу-газ қондырғысы базасында электр станциясының алдағы құрылыс мәселелерін талқылады.

Аталмыш электр станциясының құрылысы Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – Ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында берілген тапсырмасын орындау мақсатында іске асырылуда.

Кездесу барысында «Туркистан ПГУ» ЖШС Бас директоры Асқар Құсайынов пен Plant EPC BG атқарушы вице-президенті Хенхо Ли «Түркістан облысында қуаты 1000 МВт ПГУ базасында электр станциясын салу» жобасын сәтті іске асыру мақсатында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Ауқымды жоба Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін арттырады, жетіспейтін энергетикалық қуаттардың орнын толтыруға, Орталық Азияның энергия жүйесі құратын авариялық кернеудің теңестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл электр станциясы әлеуметтік тіршілікті қамтамасыз ететін объектілерді өздігінен үздіксіз энергиямен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Инвестициялардың жалпы сомасы 600 млрд теңгеден астам құрайды. Құрылыс процесіне 2000-ға жуық адам тартылады. Электр станциясын пайдалану басталысымен 300-ден астам тұрақты жұмыс орны құрылады.

Анықтама: Doosan Group (Dusan Group) – Оңтүстік Кореяның ірі қаржы-өнеркәсіп топтарының бірі, бүкіл әлем бойынша кең ауқымды өндірістері мен өкілдіктер желісі бар халықаралық корпорация. Жер қазу және жол-құрылыс техникасын шығару бойынша әлемде 7-ші орында. 1896 жылы Сеулде құрылған компанияның қазіргі уақытта Кореяда 25 еншілес компаниясы және әлемнің 35 елінде 86 шетелдік филиалы бар. Компанияның өнімдері-экскаваторлар, тұтыну тауарлары, жылжымайтын мүлік, қаржылық қызметтер, IT қызметтері, медиа, бөлшек сауда, өндірістік жабдықтар және консалтинг. Дусан қазандықтарға, турбиналарға және генераторларға арналған негізгі технологияларға ие – қазіргі заманғы қазба отындарын өңдеудің үш негізгі құрамдас бөлігі.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында мектептердің қасбет түсін айқындау мақсатында ашық конкурсына өтімдерді қабылдау мерзімін ұзартты

28.03.2023

2023 жылғы 17 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2023 жылғы 30 наурыздағы өтінімдерді қабылдаудың соңғы күнімен сағат 00-00-ге дейін (Астана қ.уақыты бойынша) «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы мектептердің қасбет түсті айқындау мақсатында ашық конкурс жариялады.

Конкурстың талаптары мен критерийлеріне сәйкес келмеу себебінен комиссия өтінімдерді қабылдауды 2023 жылғы 12 сәуірге дейін Астана қ.уақыты бойынша 00-00-ге дейін ұзарту туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, "Samruk-Kazyna Construction" ақ жалпы бюджеті 2 000 000 теңгеге дейін жүлде қорын көтерді.

Қатысу үшін info@fnsk.kz электронды поштаға онлайн-өтінімді (№1 қосымша сәйкес) жіберу қажет.

Өтінімдер 2023 жылғы 12 сәуір сағат 00.00-ге дейін қабылданады. Нәтижелерді жариялау және жеңімпаздарды марапаттау 2023 жылдың 19 сәуіріне жоспарланған.

Байқау 2023 жылғы 17 наурыз бен 19 сәуір аралығында 2 кезеңде өткізіледі:

I кезең: 2023 жылғы 17 наурыздан 12 сәуірге дейін – конкурстық жұмыстарды ұсыну.

II кезең: 2023 жылғы 12 сәуірден 16 сәуірге дейін – конкурстық жұмыстарды бағалау.

2023 жылғы 12 сәуір сағат 00:00-ден кеш ұсынылған конкурстық жұмыстар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Конкурстың қорытындысын шығару: 2023 жылғы 16 сәуірге дейін, жеңімпаздарды хабарландыру және марапаттау – 2023 жылғы 19 сәуір.

Егер ұсынылған жұмыстардың ешқайсысы конкурстың талаптары мен өлшемшарттарын қанағаттандырмаса, комиссия конкурсты ұзарту туралы шешім шығаруға құқылы.

Жеңімпазды марапаттау

Конкурс нәтижелері бойынша марапаттау туралы шешім қабылданады:

1 орын – 1 300 000 теңге;

2 орын- 500 000 теңге;

3 орын - 200 000 теңге.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ «дайын күйінде тапсыру» құрылыс және жобалау бойынша кешенді жұмыстарды сатып алуға конкурсқа өтінімдерді қабылдау мерзімін 2023 жылғы 31 наурызға дейін ұзартады

29.03.2023

2023 жылғы 7 наурызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні 2023 жылғы 29 наурыздың сағат 18-30-ға дейін (Астана қаласы уақыты бойынша) «дайын күйінде тапсыру» құрылыс және жобалау бойынша кешенді жұмыстарды сатып алуға конкурс жарияланды.

Әлеуетті өнім жеткізушілерден түскен көптеген өтініштерге байланысты «Samruk-Kazyna Construction» АҚ өтінімдерді қабылдауды 2023 жылғы 31 наурыздың сағат 18-30-ға дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

Веб-порталдың техникалық қолдау электрондық поштасына 2023 жылғы 29 наурызда әлеуетті өнім жеткізушілерден 65 өтініш, сондай-ақ Қоғамның байланыс нөміріне 271 қоңырау келіп түсті. Өтініштердің басым бөлігі әлеуетті өнім жеткізушілердің белгіленген уақытта конкурсқа қатысуға өтінім беруге үлгермеуіне байланысты болды.

Өтінімдерді беру кезіндегі проблемалар «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-дан тәуелсіз себептер бойынша әлеуетті өнім берушілер тарапынан болды.

Әлеуетті жеткізушілердің өтініштерін өңдеу және талдау нәтижелері бойынша анықталды:

1) интернет байланысының сапасы төмен. Көптеген әлеуетті жеткізушілер өтініш беру үшін ұялы телефондардан интернет таратуды пайдаланады;

2) электрондық-цифрлық қолтаңба үшін NCALayer (НЦАЛайер) жаңартылмаған;

3) ескі компьютерлік техниканы қолдану;

4) компьютерлік техникада вирустардың болуы;

5) әлеуетті өнім жеткізушілер веб-портал пайдаланушысының нұсқаулығымен мұқият таныспаған.

Конкурстар жарияланған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін сатып алу веб-порталы штаттық режимде жұмыс істеді. Ешқандай техникалық ақаулар анықталған жоқ.

Осыған байланысты тұрақты интернет байланысын және техникалық (компьютерлік) құралдардың тиісті күйін қамтамасыз ету туралы сенімді өтініш.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде бизнес қоғамдастық өкілдеріне өтініш конкурстық құжаттамамен, веб-портал пайдаланушысының нұсқаулығымен мұқият танысады және соңғы сағаттарға қалдырмай конкурсқа қатысуға өтінімдерді уақтылы тапсырады.

Сатып алу веб-порталы тәулік бойы өтінімді беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімдерді одан әрі ұзартпайтынын хабарлаймыз.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес әлеуетті өнім жеткізушілер өтінімдерді қабылдаудың соңғы күніне дейін конкурсқа қатысу үшін банк кепілдіктерінің түпнұсқаларын банктің уәкілетті тұлғасының мөрімен және қолымен қағаз жеткізгіште ұсынуы тиіс, алайда кейбір әлеуетті өнім берушілер банк кепілдіктерінің көшірмелерін банктің қолы мен мөрінсіз ұсынады немесе оларды беруге сенімхат жоқ.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ олардың түпнұсқалығын растау мақсатында банк кепілдіктерін берген банктердің атына жазбаша сұрау салатын болады

Антикор өкілі Samruk-Kazyna Construction қызметкерлері үшін семинар-кеңес өткізді

30.03.2023

2023 жылғы 30 наурызда сағат 10:00-де «Samruk-Kazyna Construction» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа бейілділігін растау мақсатында «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер».

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы іске асырудың белсенді кезеңіне енді. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басшылығымен «дайын күйінде тапсыру» жобалау және құрылыс бойынша кешенді жұмыстарды сатып алуға конкурстық өтінімдерді қарау қарсаңында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі семинар-кеңеске бастамашылық жасалды.

Спикерлер ретінде «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Мәулен Айманбетов, «Самұрық-Қазына» АҚ Комплаенс қызметінің басшысы Даурен Ақшалов және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің превенция қызметі басқармасының бастығы Мирас Қарғабай сөз сөйледі. Семинарға SK Construction қызметкерлері, сондай-ақ 20 өңірдегі өкілдіктер бейне конференция байланысы (ВКС) арқылы қатысты.

Сыбайлас жемқорлық – бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы.

Семинар барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның талаптары түсіндірілді, қылмыстық және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша түсініктемелер берілді. Семинар соңында спикерлер қызметкерлерінің сұрақтарына жауап берді.

SK Construction Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен Меморандум жасасуға және SK Construction сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметкерлерімен жоспарлы жұмысты жалғастыруға ниетті. Барлық қызметкерлер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес міндеттемеге қайта қол қояды.